	баяулағанда қадамдарын бәсеңдетеді. Қимыл музыкамен толық үйлесуі тиіс. **Нәтиже:** Музыка ырғағына бейімделеді. **Сауат ашу негіздері «Сөйлем — сөздер тобы»** **Міндеті:** Сөйлемнің сөздерден тұратынын түсіндіру; Нүктелер мен пішіндерді салу. **Ойын барысы: «Кім не істеп жатыр?»**. Сурет бойынша сөйлем құрау. Мысалы: «Бала сурет салды». Тәрбиеші сөйлемдегі әр сөзді санап, қолдарын соғады. **Жазуға дайындық:** Тор көздің ішіне **нүктелерді** және кішкентай **шаршыларды** салу. **Нәтиже:** Сөйлемнің құрылымын (сөздер жиынтығы) ажыратады. **Математика негізі «Геометриялық пішіндердің сиқыры»** **Міндеті:** Пішіннің бір	**Ойын барысы: «Жел мен жаңбыр»**. «Жел қалай соғады?» — «Қатты», «Жаңбыр қалай жауады?» — «Баяу», «Күн қайда орналасқан?» — «Жоғарыда». **Нәтиже:** Сөйлемде үстеулерді орынды қолданады. **Математика негізі «Парақты бөлу»** **Міндеті:** Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлуді үйрету. **Ойын барысы: «Шай ішу»**. «Қонақтарға» қағаздан жасалған «тортты» тең бөліп беру. Содан кейін оны әдейі қисық (тең емес) бөліп, айырмашылығын талқылау. **Нәтиже:** «Тең» және «Тең емес» ұғымдарын ажыратады. **Қоршаған әлеммен таныстыру Жолда жүру — өмірді сақтау»** **Міндеті:** Жол белгілерімен және велосипед жолы ережелерімен таныстыру. **Ойын барысы:**	айна алдында тұрып, жаттаған өлеңін түрлі көңіл-күймен (қуанып, таңғалып, мұңайып) айтып жаттығады. Ең мәнерлі айтқан бала «Көркемсөз шебері» атанады. **Нәтиже:** Өлеңді сезіммен, нақышына келтіріп айтады. **Сауат ашу негіздері «Сөйлемді бөлшектеу»** **Міндеті:** Жай сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау; Тамшы пішіндерін жазу. **Ойын барысы: «Сөздер орнында ма?»**. «Күн жылы шықты» сөйлемін талдау. Бірінші сөз қайсы? Екінші ше? Сөздердің орнын ауыстырып көру. **Жазуға дайындық:** Бір-бірінен алшақ **тамшы тәрізді** ирек пішіндерді салу. **Нәтиже:** Сөйлемді ауызша талдай алады. **Қазақ тілі «Ауладағы құстар»** **Міндеті:** Сөздік қорды үй құстарының атауларымен толықтыру. **Ойын: «Құстар қалай дыбыстайды?»**. Тауық,	дербестік танытуға ынталандыру. **Ойын барысы: «Режиссер»**. Балаларға бірнеше маска мен киімдер беріледі. Балалар өздері ертегі таңдап, рөлдерді өзара бөліседі. Тәрбиеші тек бағыт беріп, баланың дербес таңдауын қолдайды. **Нәтиже:** Өз бетінше шешім қабылдап, рөл таңдай алады. **Математика негізі «Кеңістікті бағдарлау»** **Міндеті:** Берілген бағытта қозғалу және белгі бойынша бағытты өзгерту дағдысын қалыптастыру. **Ойын барысы: «Робот»**. Тәрбиеші команда береді: «Екі қадам алға, оңға бұрыл, бір қадам артқа». Балалар бағытты белгі бойынша өзгертіп отырады. **Нәтиже:** Кеңістікте еркін бағдарлай алады. **Қоршаған әлеммен таныстыру «Аспан әлемі: Тұңғыш**	бірігіп «Күн мен бұлттың» суретін салады. Бірі — салады, екіншісі — бояйды. **Нәтиже:** Бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті қалыптасады. **Сауат ашу негіздері Сөйлем ойлап тап»** **Міндеті:** Берілген сөзге сөйлем құрастыруға баулу; Сопақша пішіндерді салу. **Ойын барысы: «Сөзден сөйлемге»**. Тәрбиеші бір сөз айтады: «Кітап». Бала: «Мен кітап оқыдым». «Доп» — «Доп домалады». **Жазуға дайындық:** Үлгі бойынша **сопақша пішіндерді** (жұмыртқа немесе сопақ доп) жазу. **Нәтиже:** Өз бетінше жай сөйлемдер құрастырады. **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру,Құрастыру (Кіріктірілген)** **Міндеті:** Симметриялы қию әдісін қолданып гүлдер жасау (жапсыру); Біртекті заттардан сюжет құру (сурет салу). **Барысы:** **Жапсыру:** Балалар қағазды екіге бүктеп, гүл күлтелері мен

	формасынан екіншісін жасау (трансформация) туралы ұғымды дамыту. **Ойын барысы: «Сиқырлы шаршы»**. Балаларға қағаз шаршы беріледі. Оны ортасынан бүктеу арқылы екі тіктөртбұрыш немесе екі үшбұрыш жасап көреді. **Нәтиже:** Фигуралардың өзара байланысын түсінеді.	**«Велосипедшілер жарысы»**. Еденде сызылған «велосипед жолымен» жүру. Жол белгілерін («Жаяу жүргінші», «Велосипед жолы») тану. **Нәтиже:** Жолдағы қауіпсіздік ережелерін іс жүзінде қолданады.	әтеш, қаз, үйрек суреттерін көрсету. Олардың қимылын (қанат қағу) жасап, аттарын қазақша атау. **Сөздік жұмыс:** Тауық, балапан, үйрек, қаз, әтеш.	**ғарышкерлер»** **Міндеті:** Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевты таныту, оларға деген құрметті қалыптастыру. **Ойын барысы: «Ғарышқа сапар»**. Слайд арқылы ғарышкерлердің суреттерін көрсету. «Зымыран» жасап, ерлік туралы әңгімелесу. **Нәтиже:** Ел мақтаныштарын таниды, отансүйгіштік сезімі оянады.	жапырақтарын симметриялы қияды. Оларды картонға (тұғырға) жапсырады. **Сурет салу:** Жапсырылған гүлдердің айналасына көктемгі сюжет (күн, бұлт, шөп) салады. Гүл сабақтары мен майда бөлшектерін бояйды. **Нәтиже:** Жапсыру мен сурет салуды бір композицияда біріктіреді.
2-ші таңғы ас	Жеміс-жидектерді бөліп жеу арқылы ұжымдық тамақтану дағдыларын дамыту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Ботқаның пайдасы туралы қысқа әңгіме айту. Балаларға ботқаның қандай дәмде (тәтті, тұзды) болатынын сұрау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім,	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа

	қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.		(қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	баулу.	әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен картотекасы№17** **Бақылау:** Ағаш басындағы ұяларды бақылау. Құстардың ұя салу үшін не таситынын (бұтақ, мақта) көру. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жұмсақ па, қатты ма?». Құс ұясына қажетті мақтаны (жұмсақ) және бұтақты (қатты) ұстап сезіну. **Еңбек:** Аулаға құстарға арнап мақта мен жіп үзінділерін тастау (ұяға көмек). **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұядағы құстар».** **Барысы:** «Күн шықты — құстар ұшты!» — балалар жүгіреді. «Жел тұрды — құстар ұяға!» — балалар белгіленген орынға жиналады. **Шығармашылық:** Құмнан «құсқа ұя» мүсіндеу.	**Серуен картотекасы№18** **Бақылау:** Көктемгі жаңбырды (немесе бұлтты) бақылау. Жаңбырдан кейін құстардың көлшіктен су ішетінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Сулы және құрғақ құм». Құрғақ құмнан пішін жасалмайтынын, ал су сепкенде «бауырсақ» жасауға болатынын көру. **Еңбек:** Жаңбырдан кейін шашылып қалған ойыншықтарды жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен жаңбыр».** **Барысы:** «Күн шықты!» — балалар ойнайды. «Жаңбыр!» — тәрбиеші қолшатыр ашады, балалар соның астына тығылады. **Шығармашылық:** Саусақпен (немесе бормен) жаңбыр тамшыларын (нүктелер) салу.	**Серуен картотекасы №19** **Бақылау:** Аспанда ұшқан құстарды бақылау. Олардың биік ұшатынын көру. **Тәжірибе-зерттеу:** «Қай құс қалай сайрайды?». Үнтаспадан торғай, қарға, көгершін дауысын тыңдап, қай құс екенін табу. **Еңбек:** Ауладағы құстар жем жейтін жерді (кормушка) тазалау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшты-ұшты».** **Барысы:** Тәрбиеші: «Ұшты, ұшты — торғай ұшты!» десе балалар қол көтереді, «Машина ұшты!» десе қол көтермейді. **Шығармашылық:** Түрлі-түсті тастардан құм бетіне «құс» бейнесін құрастыру Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын	**Серуен картотекасы №20** **Бақылау:** Күннің шуағын бақылау. Күннің жылығанын, құстардың қуанғанын айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жылы күн». Алақанды күнге тосып, оның жылуын сезіну. «Күн қояншығын» айнамен қабырғаға түсіру. **Еңбек:** Ауланың шетіндегі жас шөптерді (ǯǯдǯд) жұлмауға, оны қорғауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Құстардың мерекесі».** **Барысы:** Көңілді музыкамен балалар еркін билейді, музыка тоқтағанда бір орында «құс» болып қатып қалады. **Шығармашылық:** Сары бормен асфальтқа үлкен «Күннің көзін» салу. Адамгершілік, экологиялық білім,	**Серуен картотекасы №21** **Бақылау:** Күн жылығанда торғайлардың көлшікке жиналып, қанаттарын қағып шомылатынын бақылау. «Шық-шық» деген қуанышты дауыстарын тыңдау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Құрғақ және сулы қауырсын». Құс қауырсынын суға малып, оның ауырлайтынын немесе суды қалай итеретінін көру. **Еңбек:** Көлшіктің айналасындағы қоқыстарды (қағаз, бұтақ) тазалау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғайлар мен мысық».** **Барысы:** Балалар — «торғайлар», олар шеңберде секіріп жүреді. Тәрбиеші (мысық) «Мияу!» десе, торғайлар ұшып барып биікке (орындыққа) қонады. Адамгершілік,

	Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс,Қоршаған әлеммен таныстыру	Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру,	қалыптастыру, эксперименттік жұмыс. Қоршаған әлеммен таныстыру	еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс Қоршаған әлеммен таныстыру	экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс Қоршаған әлеммен таныстыру
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу**
Түскі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды дұрыс отыруын түсіндіру,Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**
Күндізгі ұйқы	Киімдерін шешім жайлы киім	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу	Қолдарын жуып, ұйқыға дайындалады. Киімдерін	Киімдерін шешім жайлы киім ауыстыруға	Жайлы киім киюге көмектесу, «Адал ас»

	ауыстыруға көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	**Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту **(Көркем әдебиет)**	шешіп, өз төсегіне жатады. Тыныштық сақтап, тәрбиеші әңгімесін тыңдайды немесе баяу әуенге құлақ қояды	көмектесу, төсектеріне жатуға көмектесу. Әр балаға жылы қарым-қатынас танытып, тыныштандыру (аялап сипау, жылы сөз айту). Ұйқы кезінде бөлмеде тыныштық пен қолайлы жағдай жасау: жарықты бәсеңдету, таза ауа кіргізу.	ертегісінің аудио нұсқасын қосу. Бөлмеде тыныштық орату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	. Балаларға қиял әлемін сыйлап, оянуды қызықты ету.Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!" **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » құмды жолдар**	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар**	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. **«Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар**
Бесін ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау.

	қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	**мәдениетті қалыптастыру)**	үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	**Бейнелеу және Театрландырылған әрекет) Бейнелеу іс-әрекеті: «Ертегі кейіпкеріне киім дайындау»**. Балалар түрлі материалдарды (мата, қағаз, фольга) пайдаланып, қуыршақтарға немесе өздеріне маскалар мен костюмдер жасайды. **Театрландырылған әрекет:** Жасалған костюмдерді киіп, өз қиялынан шағын сахналық көріністер (диалог) ойлап табу.	**Дидактикалық және Танымдық ойындар) Дидактикалық ойын: «Математикалық лото»**. Сандар мен заттардың санын сәйкестендіру. Балалар бір-бірінің қатесін тексеріп, «мұғалім» рөлін атқарады. **Зерттеу әрекеті:** Магнитпен, сумен немесе тастармен тәжірибе жасау (Қайсысы батады? Қайсысы тартылады?). Өз бақылауларын суретпен (сұлбамен) белгілеу.	**Бейнелеу Эстетика Әрекет:** «Көктемгі көңіл-күй» тақырыбында дәстүрлі емес тәсілмен (саусақпен, мақта таяқшасымен) сурет салу. **Мақсаты:** Түстерді таңдауда дербестік таныту, эстетикалық талғамды қалыптастыру.	**«Ойлан, тап!» Дидактикалық Үстел үсті ойындары Әрекет:** «Геометриялық лото», «Сиқырлы пішіндер» ойындары. Балалар заттарды пішіні мен түсіне қарай өздері топтастырады. **Мақсаты:** Логикалық ойлауды және зейінді шоғырландыруды бекіту.	**Сюжетті-рөлдік ойын Әрекет: «Емхана» немесе «Дәріхана» ойыны**. Балалар рөлдерді бөлісіп, бір-біріне «көмек қолын созады», қамқорлық танытады. **Мақсаты:** Әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді дамыту.
Баламен жеке жұмыс	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** **Міндет:** Шығармашылық дағдыларды дамыту **Іс-әрекет барысы:** Балалар ермексазды	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет Міндет:** Қимыл дағдыларын жетілдіру **Іс-әрекет барысы:** Ойын барысында ересек бақылауымен жүгіру, еңбектеу	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** Балаға әртүрлі ойыншықтарды санау немесе пішіндерді салыстыру ұсынылады. Мысалы, бірнеше доптарды санату, санға	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** Балаға табиғаттағы заттарды (ағаштар, гүлдер, жануарлар) суреттері арқылы таныстырып, оларды сипаттауды сұрайды.	**Алдыңғы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс Арнайы түзетуші іс-әрекет** Балаға қарапайым ритмдер (шапалақтау, дауыспен қайталау) көрсетіледі, бала оны қайталауы тиіс. Мысалы, жеңіл әуендерге

	илеп, біріктіру арқылы ойыншық мүсіндейді		байланысты тапсырмалар беру.		қосылып ән айту.
Серуенге дайындық	Балаларға қысқы ауа райының салқындайтынын түсіндіру. Киімдерді (пальто, бас киім, қолғап) дұрыс кию жолдарын көрсету	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	Қауіпсіз серуен аймағын қарап, мұзды, тайғақ немесе қауіпті жерлерді қоршайды.	Балалардың киімдерінің толықтығын, жылы әрі құрғақ болуын тексеру,Серуен кезінде қолданылатын ойыншықтар мен құралдарды (шана, күрек, қар илеу формалары, қысқы ойын құралдары) дайындау	Әр баланы жеке-жеке, кезекпен киіндіру.Алдымен ішкі киімдерін, кейін жылы киімдерін (комбинезон, жемпір, шалбар, күртеше, етік, қолғап, бас киім) кигізеді.
Серуен	**Серуен картотекасы №22** **Тақырыбы:** «Табиғаттағы дыбыстар» **Міндеті:** Балаларды қоршаған ортадағы дыбыстарға еліктеуге баулу **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар құстардың, желдің, су дыбыстарын қайталайды, қозғалысымен сәйкестендіреді **Тәжірибелік іс-әрекет:** Дыбыстар шыққан заттарды немесе табиғат элементтерін көрсету **Еңбек әрекеті:** Табиғаттан жиналған	**Серуен картотекасы №23** **Тақырыбы:** «Гүл отырғызу» **Міндеті:** Балаларды өсімдіктерге күтім жасауға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар гүл отырғызады, су құяды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Гүлдің жапырақтары мен сабақтарын ажыратады **Еңбек әрекеті:** Су құю, топырақты тегістеу **Нәтиже:** Балалар өсімдіктерді күтеді, қарапайым еңбек дағдыларын меңгереді **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Серуен картотекасы №24** **Тақырыбы:** «Жол қозғалысы ережелері – 2» **Міндеті:** Балаларды жолдағы қауіпсіздік ережелерін қайталау **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар бағдаршам түстеріне қарап жүреді, «тоқтау» және «жүру» сигналдарын орындайды **Тәжірибелік іс-әрекет:** Жол белгілерін көрсетіп, атын айту **Еңбек әрекеті:** Жол белгілерін өз орнына орналастыру **Нәтиже:** Балалар қауіпсіз жүріс ережесін меңгереді **Қоршаған әлеммен**	**Серуен картотекасы №25** **Тақырыбы:** «Топырақпен тәжірибе» **Міндеті:** Балаларды топырақты зерттеуге, саусақ моторикасын дамытуға үйрету **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар топыраққа қолымен сурет салады, құм мен топырақты араластырады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Топырақтан кішкентай қорған немесе жол жасайды **Еңбек әрекеті:** Құрал-саймандарды жинап, орнын түзету **Нәтиже:** Балалар сенсорика мен	**Серуен картотекасы№26** **Тақырыбы:** «Көңілді жануарлар» **Міндеті:** Балаларды жануарлардың қозғалысы мен дыбысына баулу **Ойын / Іс-әрекет барысы:** Далада: Балалар қоян секіреді, ит жүгіреді, құс ұшады, дыбыстарын шығарады **Тәжірибелік іс-әрекет:** Жануар суреттерін көрсету **Еңбек әрекеті:** Суреттерді өз орнына қою, ойыншық жануарларды жинау **Нәтиже:** Балалар жануарларды қозғалысы мен дыбысына сәйкестендіреді

	заттарды дұрыс орналастыру, жинау **Нәтиже:** Балалар дыбысты ажыратып, қозғалысымен үйлестіреді **Еңбекке баулу дағдысы, танымдық дағдылар Қоршаған әлеммен таныстыру**		**таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	қимылды үйлестіреді **Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**	**Қоршаған әлеммен таныстыру, зерттеушілік дағды, еңбекке баулу**
Серуеннен оралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу**	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыпу**
Кешкі ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу мәдениетін қалыптастыру , жеке гигиенасы сақтауды үйрету)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу.	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

				(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	**«Дыбысқа қарап тап» – Есту қабілетін және зейінді дамыту** **Мақсаты:** Баланың есту қабілетін, назар аударуын және дыбыстарды тану қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Балаға көзін жұмғызып, әртүрлі дыбыстар шығарыңыз (қол шапалақтау, ысқыру, су құю және т.б.). Бала бұл дыбыстарды анықтап, олардың қайдан шыққанын табуы керек. Бұл ойын есту арқылы ақпаратты талдау және зейінді дамытуға көмектеседі.	**«Өрнектерді жалғастыр» – Логикалық ойлау мен көрнекі қабылдауды дамыту** **Мақсаты:** Баланың логикалық ойлауын, үлгілерді қабылдауын және ойша жалғастыру қабілетін дамыту. **Ойын барысы:** Баланың алдына белгілі бір өрнек немесе реттілікті көрсетіңіз (мысалы, қызыл-көк-сары шарлар қатарын) және оны жалғастыруын сұраңыз. Бұл ойын баланың логикалық ойлауын және үлгілерді көрнекі қабылдауын дамытады.	**«Ертегі құрастыру» – Шығармашылық қиялды дамыту** **Мақсаты:** Баланың қиялдау, әңгіме құрастыру және сөйлеу қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Балаға белгілі бір кейіпкерлер немесе заттар тізімін беріңіз (мысалы: «айдаһар», «батыр», «орман»), ол солардың негізінде ертегі ойлап табуы керек. Бұл ойын баланың шығармашылық қиялын, сөйлеу дағдыларын және қиялдау қабілетін дамытады.	**«Қарым-қатынас ойыны» – Әлеуметтік дағдыларды дамыту** **Мақсаты:** Баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, эмоцияларын білдіру қабілетін және ойын барысында рөлдерді орындау дағдыларын дамыту. **Ойын барысы:** Баланы өздігінен дүкенші, дәрігер немесе мұғалім рөлінде ойнауға шақырыңыз. Ол бұл рөлдерді ойнап, басқа кейіпкерлермен (қуыршақтармен немесе ойыншықтармен) диалог құра алады. Бұл ойын баланың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, өз рөлін түсінуді және басқа адамдармен әрекеттесуді үйретеді.	**«Атадан қалған асыл мұра»** **Ұлттық құндылық:** Қазақтың мұралары – домбыра, бесік, зергерлік бұйымдар. **Қауіпсіздік тәжірибесі:** Су қауіпсіздігі (суға түсу ережелері). **Баяу қимылды ойын:** «Бесік жыры» – балалар бесік жырын тыңдап, айтады. **Үстел үсті ойыны:** «Қазақтың мұраларын тап» – ұлттық заттарды сәйкестендіру. **Бейнелеу әрекеті:** «Ұлттық мұралар» – әр бала өз қалаған ұлттық заттың суретін салады. **Кітап қарау:** «Қазақтың асыл мұралары» туралы әңгімелеу. **Ұлттық құндылық, қауіпсіздік дағдыларын дамыту**
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу.

Тәрбиешілер:Есенғұл Бөбек Андірқызы
Кулекешова Айман Базарбаевна

Тәрбиелеу білім беру процесі

Білім беру ұйымы: №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Топ: «Күншуақ» мектепалды тобы
жас ерекшелігі: **5 жастағы балалар**

Апталық дәйек сөз: **«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 20.04.2026**	**Сейсенбі 21.04.2026**	**Сәрсенбі 22.04.2026**	**Бейсенбі 23.04.2026**	**Жұма 24.04.2026**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен күтіп алу, әр баланы атымен атап, үйде нестеді ,немен айналысты , демалыста қайда қыдырды сұрау **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Балалар жиналған соң ҚР гимн орындату**	Баланы есік алдында күлімдеп қарсы алу. Қолын ұстап, топқа бірге кіру. **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланың киімін шешуге көмектесу, «Өзің істегің келе ме?» деп дербестікке ынталандыру. Баланың көңіл-күйін сұрау, қысқаша әңгімелесу **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланы құшақтап қарсы алу. Балаға шағын мақтау айту: «Сен бүгін әдемі киініп келіпсің **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**	Баланы жылы шыраймен қарсы алып, есімін атап, «Сені көргеніме қуаныштымын» деп айту. Үйде немен айналысқаны туралы сұрау **Медбике тексеруі, фильтр дәптерін толтыру** **Күймен қарсы алу**

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Үнемдеу: «Суды үнемдейік»** **Мақсаты:** Үйде суды босқа ағызбау дағдысын қалыптастыруға ата-ананы бағыттау. **Әңгімелесу барысы:** «Бала қол жуған кезде суды ұзақ ағыза ма?» «Тіс жуғанда кран жабыла ма?» «Үйде суды үнемдеу үлгісін кім көрсетеді?» **Кеңес:** Балаға: «Суды жауып қояйық» деген қысқа сөйлемді үйрету Қол жуу кезінде таймер/өлеңмен (20 сек) жуу Кранды ашып-жауып көрсету арқылы үйрету	**Қауіпсіздік: «Үйдегі қауіпті заттар»** **Мақсаты:** Үйде қауіп тудыратын заттарды қауіпсіз сақтау туралы кеңес беру. **Әңгімелесу барысы:** «Үйде дәрі-дәрмек, пышақ, қайшы қайда тұрады?» «Бала розеткаға жақындай ма?» «Тұрмыстық химия қол жетпейтін жерде ме?» **Кеңес:** Қауіпті заттарды жоғарыға қою, шкафқа бекіту Розеткаға қорғаныш қақпақ қолдану «Болмайды – қауіпті!» деген нақты қысқа ережені бірдей айту.	**Ұлттық құндылық: «Сәлемдесу – әдептің басы»** **Мақсаты:** Балаға амандасу, үлкенді сыйлау дағдысын үйретуге ата-ананы ынталандыру. **Әңгімелесу барысы:** «Бала үйге келген қонаққа сәлем бере ме?» «Үйде ата-әжеге қалай сөйлейді?» «Сәлемдесуді кім үлгі етеді?» **Кеңес:** Үйге кіргенде: «Сәлеметсіз бе?» деп бірге айту Баланы мәжбүрлемей, үлгі арқылы үйрету «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» қағидасын күнде қайталау	**Үнемдеу: «Нанды қадірлеу, тамақты төкпеу»** **Мақсаты:** Тағамды қадірлеу, ысырап етпеу дағдысын қалыптастыру. **Әңгімелесу барысы:** «Бала тамақты толық жей ме, төге ме?» «Артық тамақ қалса не істейсіз?» «Нанды ойнап тастай ма?» **Кеңес:** Балаға аз мөлшерден салып, қайта қосу «Нан – қасиетті» түсінігін жұмсақ айту Тамақ үстінде тыныш отыру дағдысын қалыптастыру	**Қауіпсіздік , ұлттық құндылық: «Серуендегі қауіпсіздік және тәртіп»** **Мақсаты:** Далада қауіпсіз жүріс-тұрыс және тәртіп мәдениетін дамыту. **Әңгімелесу барысы:** «Бала көшеде жүгіріп кетеді ме?» «Қол ұстап жүруге көнеді ме?» «Үлкеннің сөзін тыңдай ма?» **Кеңес:** Көшеде міндетті түрде қол ұстату «Тоқта – жүр – тыңда» 3 ережесін үйрету Үлкеннің сөзін тыңдау — тәрбие мен қауіпсіздіктің негізі
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**Ұлттық құндылық дағдысы** Асықтың қасиеті, оның түрлері (алшы, тәйке, бүк, шік) туралы түсінік. **Ойын барысы: «Хан талапай»**. Ортаға асықтар шашылады, балалар «Хан» асығын (түсі бөлек) табуға тырысады. «Бес тас»	**Құқықтық сауаттылық** **Міндеті:** Әр баланың есім алуға құқығы бар екенін түсіндіру. **Ойын барысы: «Сиқырлы микрофон»**. Балалар шеңберге тұрады. Микрофонды ұстаған бала өз есімін мақтанышпен атайды және есімінің мағынасын (білсе) айтады. Содан	**Қаржылық сауаттылық «Әмиянды толтырамыз» (Бюджет)** **Ойын барысы:** Үлкен картон әмиян ортаға қойылады. Балалар «Әке», «Ана», «Бала» рөлдеріне бөлініп, өздері тапқан «табыстарын» ортақ әмиянға салады. Содан кейін сол ақшаны	**Үнемдеу** «Нан қайдан келеді?». Диқаншының ауыр еңбегі туралы бейнеролик немесе суреттер көрсету. **Ойын барысы: «Тәбетіңе қарай ал»**. Балаларға тамақ ішерде «қанша жей аласың, сонша салғыз» деген ереже енгізу. Табақта	**Өнегелі 15 минут** **Өнегелі әңгіме:** «Дос қандай болуы керек?» талқылау. Татулықтың күші бірлікте екенін түсіндіру. **Ойын барысы: «Достық алақаны»**. Балалар жұппен тұрып, алақандарын біріктіреді де, досының ең жақсы

	немесе асық ату элементтерін үйрену. **Нәтиже:** Ұлттық ойынға қызығушылығы артып,ептілігі дамиды.	кейін «Жылы есімдер» ойыны: досының есімін еркелетіп атау (мысалы: Нұрлан — Нұрланчик, Әнел — Әнелтай). **Нәтиже:** Өз есімінің құндылығын және есім алу құқығын сезінеді.	топтық талқылау арқылы нанға, сүтке және ойыншыққа бөліп жұмсайды. **Нәтиже:** Бюджеттің бірлесіп құралатынын түсінеді.	ас қалдырмау — үлкен ерлік екенін көрсету. **Нәтиже:** Асты құрметтеу мен мөлшермен жеу мәдениеті дамиды.	қасиетін айтады (Мысалы: «Сен өте мейірімдісің», «Сен бөлісуді білесің»). **Нәтиже:** Топ ішіндегі ауызбіршілік нығаяды.
Таңертенгі жаттығу	**Таңғы жаттығу №14** **«Есу»:** Қолды алға-артқа шеңбер бойымен айналдыру (ескек есу). **«Толқындар»:** Қолды алға созып, жоғары-төмен ирек қимылдар жасау. **«Желкен»:** Қолды жоғары түзу созып, оңға-солға баяу теңселу.	**Таңғы жаттығу №15** **«Дөңгелектер»:** Шынтақты бүгіп, қолды екі жақта айналдыру. «Чух-чух-чух!». **«Гудок»:** Қолды жоғары көтеріп, төмен қарай сермеп, «Ту-ту-у-у!» деп дауыстау. **«Вагондар»:** Бірінің соңынан бірі тұрып, бөлме ішінде «пойыз» болып жүру.	**Таңғы жаттығу №16** **«Қалташа»:** Қолды іш тұсына қойып, кішкентай «қалта» жасау. Басты оңға-солға бұрып, «балапанды» іздеу. **«Биік секіру»:** Қос аяқпен алға қарай кішкентай қадамдармен секіру. «Кенгуру секіреді!». **«Демалу»:** Жерге отырып, аяқты созып, саусақтармен тізені сипау.	**Таңғы жаттығу №17** **«Үлкен тау»:** Қолды жоғары көтеріп, саусақтарды түйістіріп «үш» жасау. Аяқтың ұшына тұрып, барынша созылу. **«Төмен төбе»:** Тізені бүгіп, қолды жерге тигізу. «Тау аласа болды». **«Тауға шығу»:** Тізені жоғары көтеріп, нық-нық басып жүру.	**Таңғы жаттығу №18** **«Қанаттар»:** Қолды иық деңгейінде ұстап, жоғары-төмен баяу қағу. «Көбелек ұшты». **«Гүлге қону»:** Жүрелеп отырып, қолды тізеге қою. «Көбелек дем алады». **«Көңілді ұшу»:** Бөлме ішінде жеңіл жүгіріп, айналу.
Таңғы ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі**	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**

				мәдениетті қалыптастыру)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау
Кесте бойынша ҰІӘ	**Қазақ тілі** **«Ертегілер әлемінде» (Диалог)** **Міндеті:** Ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салу, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатысу. **Ойын: «Кім келеді?»**. «Бауырсақ» немесе «Мақта қыз» ертегісінен үзінді. Балалар кейіпкер болып (мысалы, түлкі — сызылып, аю — қорбаңдап) өзара сөйлеседі. **Сөздік жұмыс:** Дауыс мәнері, кейіпкер, диалог. **Музыка** **«Музыкалық жаңалық»** **Міндеті:** Музыкадағы жаңа дыбыстарды, күтпеген өзгерістерді	**Дене тәрбиесі** **«Біз қалай жүреміз?» (Еліктеуіш сөздер)** **Міндеті:** Жан-жануарлардың қимылын қайталау арқылы етістіктерді меңгеру. **Ойын барысы: «Кімге ұқсаймын?»**. Тәрбиеші: «Аю қалай жүреді?». Бала аюша жүріп: «Аю қорбаңдап жүреді». «Қоян қалай секіреді?». Бала: «Қоян тез-тез секіреді». **Сөздік жұмыс:** Қорбаңдайды, секіреді, шабады, ұшады. **Тіл дамыту** **«Тақпақтар шеруі»** **Міндеті:** Тақпақтарды мәнерлеп, жатқа айту. **Ойын барысы: «Микрофон»**. Балалар қолдарына ойыншық микрофон алып, жаттаған тақпақтарын	**Дене тәрбиесі** **«Тыныс алу — денсаулық» (Дене мүшесінің қызметі)** **Міндеті:** Мұрын мен ауыздың тыныс алудағы қызметін түсіндіру, дем алу жаттығуларын жасау. **Ойын барысы: «Шар үрлейміз»**. Балалар терең дем алып, шар үрлегендей қимыл жасайды. Тәрбиеші: «Демді немен аламыз?». Бала: «Мұрынмен дем аламын, ауызбен шығарамын». **Сөздік жұмыс:** Дем алу, мұрын, ауыз, үрлеу. **Көркем әдебиет** **«Көңіл-күй мен мимика»** **Міндеті:** Кейіпкердің көңіл-күйін бет-әлпеті (мимика) арқылы беруді үйрету.	**Дене тәрбиесі** **«Жоғары-төмен» (Кеңістіктік ұғымдар)** **Міндеті:** Заттардың орналасуын (жоғары, төмен) қимылмен көрсету және айту. **Ойын барысы: «Допты көтер»**. Допты жоғары көтеріп: «Доп жоғарыда». Төмен түсіріп: «Доп төменде». Тәрбиеші: «Допты қайда қойдың?». Бала: «Допты еденге (төменге) қойдым». **Сөздік жұмыс:** Жоғары, төмен, қойдым, алдым. **Көркем әдебиет** **«Рөлдерге бөліп сахналау»** **Міндеті:** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, кейіпкердің мінезін беру. **Ойын барысы:**	**Музыка** **«Қол өнері – би өнері»** **Міндеті:** Қазақ биіне тән қол қимылдарын («Айналма», «Гүлдің ашылуы») үйрету. **Барысы:** Лирикалық күйдің сүйемелдеуімен білекті ішке-сыртқа айналдыру, саусақтарды әсем қозғалту. Музыканың нәзіктігін қол қимылымен жеткізу. **Нәтиже:** Бидегі пластикалық қимылдарды меңгереді. **Тіл дамыту** **«Қуанышқа ортақтасу»** **Міндеті:** Бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуді дамыту. **Ойын барысы: «Жылы лебіз»**. Бір баланың жетістігін (мысалы, суретті жақсы салғанын) бәрі бірге атап өтеді. «Азамат, сенің суретің

	таңғалыспен қабылдау. **Барысы: «Таңғажайып дыбыс» ойыны**. Таныс әуеннің ішіне күтпеген жерден басқа аспаптың дауысын (мысалы, даңғыра немесе қоңырау) қосу. Бала оны естігенде белгі береді. **Нәтиже:** Музыкалық зейіні артады. **Сауат ашу негіздері «Дыбыстар ауысқанда»** **Міндеті:** Сөз мағынасының өзгеруіне қызығушылығын арттыру; Күрделі ирек сызықтарды салу. **Ойын барысы: «Сиқырлы дыбыс»**. Сөздермен ойнау: «Қас» — «Құс». Бір дыбысты ауыстырғанда мағына қалай өзгергенін талқылау. **Жазуға дайындық:** Әртүрлі бағыттағы **қысқа және ирек сызықтарды** біріктіріп салу. **Нәтиже:** Дыбыстың	ортаға шығып айтады. Достары оны мұқият тыңдап, соңында қошемет көрсетеді. **Нәтиже:** Көпшілік алдында сөйлеуге дағдыланады. **Математика негізі «Уақыт керуені»** **Міндеті:** Уақыт құбылыстарының математикалық мәнін тануға қызығушылықты арттыру (тәулік бөліктері). **Ойын барысы: «Күн тәртібі»**. Таңертең, түсте, кешке істелетін істерді ретімен орналастыру. «Кеше, бүгін, ертең» ұғымдарын ойынмен түсіндіру. **Нәтиже:** Уақыт тізбегін бағдарлайды. **Қоршаған әлеммен таныстыру «Мерекелер — ел бірлігі»** **Міндеті:** Мемлекеттік мерекелердің (1 мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр) маңыздылығын түсіндіру. **Ойын барысы: «Мерекелік шеру»**. Әр мерекенің нышандарын (көгершін — бірлік,	**Ойын барысы: «Бет-әлпет театры»**. Тәрбиеші кейіпкерді атайды (мысалы, ашулы қасқыр, қуанған қоян). Балалар сөйлемей-ақ, тек мимика мен қимыл арқылы сол бейнені көрсетеді. **Нәтиже:** Кейіпкердің ішкі күйін сыртқы қимылмен жеткізеді. **Сауат ашу негіздері «Мектепке дайынбыз!» (Қорытынды)** **Міндеті:** Өтілген дыбыс, буын, сөйлем туралы білімдерін бекіту; Өз бетінше сызықтар салу. **Ойын барысы: «Білімділер пойызы»**. Балалар 1-вагонда дыбысты табады, 2-вагонда буынға бөледі, 3-вагонда сөйлем құрайды. **Жазуға дайындық:** Парақ бетіне үйренген барлық сызықтарды қолданып **«Менің аулам»** суретін салу. **Нәтиже:** Сауат ашу негіздерін еркін меңгергенін көрсетеді. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе	**«Шалқан» ертегісі**. Балалар рөлдерге бөлініп, қойылым қояды. Әр бала өз кейіпкерінің (Ата, Әже, Немере) ерекше қимылын, дауыс ырғағын сақтауы тиіс. **Нәтиже:** Сахнада өзін еркін ұстап, рөлін мәнерлі орындайды. **Математика негізі Логикалық ойлау мәдениеті»** **Міндеті:** Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу және шыдамдылыққа баулу. **Ойын барысы: «Не жетіспейді?»**. Геометриялық пішіндерден құралған логикалық тізбекті аяқтау. Балалардан жауабын асықпай, ойланып айтуды талап ету. **Нәтиже:** Ойлау жүйелілігі мен ұқыптылық қалыптасады. **Қоршаған әлеммен таныстыру «Табиғаттың сыйы: Су, құм, тас»** **Міндеті:** Адам өмірі	өте әдемі, біз саған қуаныштымыз!» деп айтуды үйренеді. **Нәтиже:** Эмпатия және сыйластық қасиеттері артады. **Сауат ашу негіздері «Дауысты дыбыстардың созылуы»** **Міндеті:** Дауысты дыбыстардың созылып айтылатынын, кедергісіз шығатынын түсіндіру; Шеңберлер салу. **Ойын барысы: «Әнші дыбыстар»**. Балалар дауысты дыбыстарды (А, О, У, Ы) созып айтып, қолдарымен «жіп ескендей» қимыл жасайды. **Жазуға дайындық:** Үлгі бойынша арақашықтықты сақтап, кішкентай **шеңберлер** («Күннің көзі») салу. **Нәтиже:** Дауысты дыбыстардың ерекшелігін біледі **Сурет салу, Мүсіндеу,Жапсыру,Құрастыру (Кіріктірілген)** **Міндеті:** Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру; Жануар пішінін мүсіндеуде

	сөз мағынасына әсерін түсінеді. **Математика негізі Мен — математикпін»** **Міндеті:** Өзіне деген сенімділікті қалыптастыру, өткенді бекіту. **Ойын барысы: «Математикалық аялдамалар»**. Балалар 1-аялдамада санайды, 2-аялдамада пішіндерді бөледі, 3-аялдамада бағытты табады. Әр дұрыс жауапқа «Жұлдызша» беріледі. **Нәтиже:** Өз біліміне сенімді болады, математикаға қызығушылығы артады.	жұлдыз — Отан қорғаушы) ажырату. Мерекелік құттықтаулар айту. **Нәтиже:** Мерекелердің мағынасын түсініп, белсенді қатысады.	лақтыру техникасын бекіту. **Қимыл әрекеті:** «Серіппе» жаттығуы. Аяқты бүгіп күш жинау, сосын аяқты жазып барып допты жоғары себетке бағыттау. **Сөздік жұмыс:** Бүгу, жазу, серпілу, түсті (себетке).	үшін судың, құмның, саздың және тастардың маңызын ұғындыру. **Ойын барысы: «Зертхана»**. Құмнан мүсін жасау, саздан ыдыс илеу, судың қасиеттерін бақылау. «Табиғатсыз өмір жоқ» деген қорытынды жасау. **Нәтиже:** Табиғи материалдардың пайдасын тәжірибе арқылы біледі.	пропорцияны сақтау. **Барысы:** **Құрастыру:** Балалар жиналған табиғи материалдарды (жаңғақ, бұтақ, тас) пайдаланып, қиялымен композиция (мысалы, орман) құрайды. Қалдық материалдарды (қорапша) негіз ретінде қолданады. **Мүсіндеу:** Ермексаздан осы орманға қажетті кішкентай жануарларды (кірпі, тиін) мүсіндеп, композицияға қосады. **Нәтиже:** Әртүрлі материалдарды (табиғи, жасанды) үйлестіруді үйренеді.
2-ші таңғы ас	Берілген асты таусып ішуге дағдыландыру,үстел басында отыру ережесін айту, таматанып болған соң майлық қолдану қажет екенін үйрету **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Асты отырып ішу қажет екенін түсіндіру , ас ішіп болған соң алғыс айту. **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Балаларға үстел басында дұрыс отыруды, тәртіп сақтауды және бір-бірін күту қажеттілігін түсіндіру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Берілген тағамның пайдасын түсіндіру, алғыс айтуды үйрету Тамақтануға дайындық **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**	Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту керек екенін ескерту Таңғы аспен таныстыру **(Ас ішу кезіндегі мәдениетті қалыптастыру)**
Серуенге дайындық	Балалар серуенге киетін киімдерін	Балалар киімдерін шкафқа дұрыс	Киіндіру барысында балаларға өз бетімен	Серуен кезінде ұйымдастырылған	Табиғатқа деген қызығушылықтарын

	атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	киінуге үйретететін шағын тапсырмалар беру (қолын жеңге салу, бас киімін кию т.б.).	еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	арттыру. Қыс мезгілінің ерекшелігі туралы қысқа әңгіме жүргізеді: қар, аяз, мұз, күннің қысқалығы, жылы киіну қажеттілігі туралы айту
Серуен	**Серуен картотекасы №27** **Бақылау:** Көгершіннің қанатын жайып ұшқанын бақылау. Қанаттарының үлкен екеніне назар аудару. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жел қалай соғады?». Қолға желпуіш немесе қағаз алып, оны сермеу арқылы «қанаттың» ауаны қалай қозғайтынын сезіну. **Еңбек:** Көгершіндерге арналған науаға (ыдысқа) таза су құю. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Көгершіннің ұшуы».** **Барысы:** Балалар қолдарын екі жаққа жайып, баяу әуенмен	**Серуен картотекасы №28** **Бақылау:** Биік ағаштағы қарғаның ұясын іздеп табу. Қарғаның ұясына бұтақ тасып жүргенін бақылау. **Тәжірибе-зерттеу:** «Не биік?». Ағаштың биіктігі мен баланың бойын салыстыру. Қарға неге биікке ұя салады? (Қауіпсіздік). **Еңбек:** Ауладағы ұсақ тастарды жинап, ағаш түбіне үйю. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұяға қон!».** **Барысы:** Жерге бірнеше шеңбер сызылады. «Қарғалар ұшты!» — балалар жүгіреді. «Ұяға!» — әр бала бір шеңбердің ішіне тұра қалады. **Шығармашылық:** Құмнан «қарғаның	**Серуен картотекасы №29** **Бақылау:** Әтештің (ойыншық немесе сурет) суретін көру. Оның басындағы қызыл айдары мен түрлі-түсті құйрығына назар аудару. **Тәжірибе-зерттеу:** «Кім қатты айқайлайды?». Әтештің «ку-ка-ре-ку!» деген дауысына еліктеп, дауыс ырғағымен ойнау. **Еңбек:** Ойыншықтарды серуеннен кейін себетке реттеп жинау. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Әтеш пен тауықтар».** **Барысы:** Бір бала — «әтеш», қалғандары — «тауықтар». Әтеш айқайлағанда, тауықтар дән іздеуге шығады. **Шығармашылық:** Құм бетіне таяқшамен әтештің «тарағын» (ирек	**Серуен картотекасы №30** **Бақылау:** Қаздың балапандары (сары үлпілдек) туралы әңгімелеу. Олардың анасының соңынан қалай еретінін айту. **Тәжірибе-зерттеу:** «Жұмсақ мақта». Сары мақтаны ұстап көріп, оның балапанның жүні сияқты жұмсақ екенін сезіну. **Еңбек:** Ауланың шетіндегі құраған шөптерді жинауға көмектесу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қаз бен балапан».** **Барысы:** Балалар тізбекпен (поезд сияқты) тәрбиешінің соңынан «қаңқ-қаңқ» деп жүреді. **Шығармашылық:**	**Серуен картотекасы №31** **Бақылау:** Үйректің аяғының ерекшелігін (жарғақты аяқ) суреттен көру. Оның су ішкенін бақылау (басын төмен иеді). **Тәжірибе-зерттеу:** «Суды қалай ішеді?». Ойыншық үйрекке су беріп, оның тұмсығының жалпақ екенін көру. **Еңбек:** Ойыншық ыдыстарды сумен жуу. **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үйректер мен қаздар».** **Барысы:** Тәрбиеші «Үйректер!» десе — балалар «бақ-бақ» дейді, «Қаздар!» десе — «қаңқ-қаңқ» дейді. **Шығармашылық:** Құмнан үйрекке арнап «көлшік» жасау және жан-жағына тастар тізу.

